

Пластикалық материалдардан бұйым жасау технологиясы





Тәжібай Ақжүніс



МЕНІҢ ҰСТАНЫМЫМ

*Ақырын жүріп
анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.*



МЕНИҢ ҰСТАНЫМЫМ

*Шынайылық пен ізденіс
және алға ұмтылу*

Нұралы Бегімай

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері: Жұмыстың негізгі мақсаты пластикалық материалдардың қасиеттерін зерттей отырып, одан бұйымдар жасау, жасалынған заттардың құндылығын арттыру, тұрмыста қолданысын көбейту.

Осы мақсатқа жету үшін мынандай міндеттерді шешу көзделді:

- Пластикалық материалдардың құрамы мен қасиетін анықтау;
- Қолданылатын материалдардың ерекшелігін саралау;
- Пластикалық материалдардан бұйым дайындау тәсілдері, олар жайлы ғылыми ұстанымдарға тоқталу.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы:

Әшекей бұйымдар, үй интерьеріне қолданылатын декоративтік бұйымдар жасау. Қазіргі заманғы технологиялар қандай ортада болмасын, кез-келген уақытында, шағын орында және аз ғана шығын шығарып жасауға мүмкіндік береді.

Жұмыстың құрылысы:

Жұмыс кіріспеден, үш тараудан және қорытындыдан тұрады.

Жұмыс соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген.

Пластикалық материалдар

Пластикалық материалдар – құрамында Бұйымдар дайындау кезінде созылғыштық немесе жоғары иілгіштік, пайдалану барысында шыны тәріздес немесе кристалдық қалпын сақтайтын полимер бар материалдар. Пластмасса шыны тәрізді немесе кристалды, диэл, қасиеті жоғары, атмосфера әсеріне тұрақты, механикалық жағынан берік болады.



Полимерлерден басқа пластмассалардың құрамына пластификаторлар, толықтырғыштар, стабилизаторлар, Бояғыш заттар енеді.

Макромолекуласы сызықтық тармақталған немесе торланған құрылымды болады. Пластмассалар гомогенді немесе гетерогенді материалдар болуы мүмкін. Гомогенді пластмассаларда Полимер материалдардың қасиетін анықтаса, гетерогенді Пластмассаларда полимер байланыстырғыш қызметін атқарады, Қалған құрам бөліктері өз бетінше жеке фазалар түзеді.



Пластмасса – шикі мұнайдан алынатын қосынды болып табылады.

- ❑ **Полиэтилен**- қаптама, шелек , сөмке жасауға қолданады.
- ❑ **Перпекс** (акрил спиртінің ерекше түрі) – көру линзасы, иллюминатор әйнегі, қауіпсіздік белдігін жасау ға қолданады.
- ❑ **Полиэстр** – мата мен шыны талшық өндіруге қолданады.
- ❑ **Полистирол** – бір реттік ыдыстар жасауға қолданады.
- ❑ **Эпоксидті смола** – берік желім жасауға қолданады.
- ❑ **Акрилдер** – бояғыштар мен киім түрлерін жасуға қолданады.
- ❑ **Полихлорвинил** – құбыр, шланг, көліктердің жабындарын өндіру үшін қолданады.



Термопластикалық пластмассалар қыздырғанда пластикалық күйге химиялық өзгеріссіз өтеді. Оларды бірнеше қайтара қыздырып, әр түрлі пішінге келтіруге болады. Терморреактивті пластмассалар жылу әсерінен алғашқы кезде пластикалық, одан әрі қыздырғанда химиялық өзгеріске ұшырайды. Оларды алу үшін құрылысы торланған қосылыстарға тез өтетін полимерлер (эпоксид, фенол-альдегид, т.б.) қолданылады. Пластмассалардың бұл түрінен жасалған бұйымдар шыны тәрізді, сол қалпын терм. Деструкция басталғанға дейін сақтайды. Олар 100 — 500°С аралығындағы температурада өзгеріске ұшырамайды. Пластмассалар электртехника, машина жасау, құрылыс өнеркәсіптерінде, ауыл шаруашылығында, медицинада кеңінен қолданылады. Пластмассалар өндіру зауыттары Қазақстанда Маңғыстау, Атырау облыстарында бар.



Аққала жасау технологиясы



Гүл жасау технологиясы



Гүл жасау технологиясы



















Қортынды кезең

Қолөнер – ерекше қасиетімен ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан халық мұрасы. Оны қазіргі заманға лайықтап заманауи тұрғыдан бұйым жасау- менің басты мақсатым. Пластикалық материалдардан бұйым жасау әрі қызықты, әрі пайдалы. Зерттеу жұмысымды қортындылай келе, мынандай ұсыныс пікірлерімді білдіремін:

- Жергілікті жерде қалдық боп қалған пластикалық материалдардан үй интерьерін дайындайтын арнайы цех ашылса, жұмыссыздықты жоюға септігі тиер еді;
- Пластикалық материалдардан бұйым жасауға мүмкіндігі шектеулі жандарды да тартуға болады, бұл оларды қоғамға пайдалы еңбекпен шұғылдануы арқылы, табыс тауып, әрі қол моторикасын дамытады;
- Тұрғылықты жерде пластикалық материалдардан бұйым дайындау жасаудан жарыстар ұйымдастырылса;
- Пластикалық материалдардан бұйым жасауға үйде отырған қолы бос аналарға арналған шебер сыныптар ұйымдастырылса, отбасының экономикалық жағдайына көмек болар еді;
- Ұлға – ата салтын, қызға – ана салтын үйретіп, баулитын жаңа типті мекемелер ауқымын көбейту мәселелері қарастырылса;

Мен келешекте өз елімнің табиғаттың ластануынан сақтау үшін, отбасымның экономикалық жағдайын жақсарту үшін пластикалық материалдардан бұйым дайындау ісін зерттеуді жалғастыра отырып, халқымыздың қолөнер мәдениетін дамытуға өз үлесімді қосамын.